«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-бибилиография бөлімі

# Жыр жүректің жауһары



**/ақын, Қазақстан халық жазушысы, қоғам қайраткері**

**Мұхтар Шаханов туғанына 80 жас/**

**Библиографиялық көрсеткіш**

*«Арқалық қаласындағы облыстық*
*№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ*
*Әдістеме-бибилиография бөлімі*

# Жыр жүректің жауһары

**/ақын, Қазақстан халық жазушысы, қоғам қайраткері**

**Мұхтар Шаханов туғанына 80 жас/**

**Библиографиялық көрсеткіш**

**Арқалық 2022**

ӘОЖ  821.512.122(01)
КБЖ 91.9:83
**Ж 11**

Құрасты., компьют. терген: Т. С. Қойшыбаева
Жауапты ред.: С. Қ. Ибикенова

**Құрастырушы:** Т. С. Қойшыбаева
**Шығарылымға жауапты:** К. Б. Борибаева
**Мұқабаны безендірген:** Т.С. Қойшыбаева
**Редактор: С**. Қ.  Ибикенова

Жыр жүректің жырауы  [Мәтін] : (ақын, депутат, драматург, жазушы  Мұхтар Шахановтың туғанына 80 жас толуына арналған ) библиографиялық көрсеткіш /Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; Т. С. Қойшыбаева ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. С. Қ. Ибикенова]. – Арқалық : [б.б.], 2022. – 48 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі  ақын , депутат, драматург, жазушы Мұхтар Шахановтың туғанына 80 жас толуына  орай биографиялық көрсеткіш дайындады. Библиографиялық көрсеткіште  Мұхтар Шахановтың  өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 821.512.122(01)
КБЖ  91.9:83
© Т. С. Қойшыбаева

## *Құрастырушыдан*

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы ақын, депутат, драматург, жазушы Мұхтар Шахановтың туғанына 80 жас толуына арналған библиографиялық көрсеткішін әзірлеп, оқырман назарына ұсынды. Библиографиялық көрсеткішке ақынның өмір жолымен шығармашылығы жайындағы мағлұматтар берілген. Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Бөлімдер М. Шахановтың мерізімді басылым бетіндегі жарияламдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған. Библиографиялық көрсеткішке баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материялдар еңгізілген. Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген. Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған .

# Әлемге танымал ұлы ақын



Мұхтар Шаханов (2.7.1942ж Оңтүстүк Қазақстан обл. Төлеби ауд. Қасқасу а.) – ақын, қоғам қайраткері. ҚР халық жазушысы (1996),Қырғыз республикасының халық ақыны (1999). Шымкент педогогикасын бітірген (1969).1961 – 65 ж . «Оңтүстік Қазақстан» газетінде түзетуші, әдеби қызметкер,1965, – 70 ж «Лениншіл жас» ( қазіргі «Жас алаш» ) газетінің оңтүстік облыстардағы тілшісі, 1970 – 71 ж. Шымкент облысы .Комсомол қазақ тілінде сектор меңгерушісі , 1971 – 78 ж. ҚР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекет қазақ тілінің аға бас редакторы , 1976 – 79 ж ҚР Баспа ,полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекет қазақ тілілің бөлім бастығы, 1984 – 93 ж «Жалын» альмаханың бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы (1986 жылдан) қызметтерін атқарды. 1993 – 2004 ж. Қазақстан республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі болды. 2004 – 07 ж. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. Алғашқы өлеңі «Сырдария» 1959 жылы жарияланған. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Бақыт» 1966 ж. жарық көрді. Кейін махаббат , достық тақырыбындағы ,адамгершілік абзал қасиеттерді жырлаған «Балалар» (1968 ), «Ай туып келеді» (1970) , «Қырандар төбеге қонбайды» (1974), «Ғашықтық» (1979) , «Махабатты қорғау» (1982), «Ғасырлардағы безбендеу» (1988) атты өлеңдер ,мен поэмалар жинақтары басылды. Шынайы достық, адал махаббат ,қайырымдылық сияқты қасиеттерді дәріптейтін «Танакөз» (1970),Сырдария туралы көне аңыздың желісіне құрылған «Сейхундария» (1974), жастық шақты жырлайтын «Күретамырды іздеу» (1975), көне дәуір мен бүгінгі өмір адамдарын шендестіре суреттеп ,филос ой түйетін «Сенім патшалығы» (1977), Махаббатты қорғау (1978), халық қамы үшін күрескен патриотақын Махамбет өміріне арналған «Нарынқұм трагедиясы» (1980),көне қала – Отырар тағдырын суреттейтін «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханың қателігі » (1982) атты поэмалары жарық көрді. «Махаббат таңы» (1974), «Сенім патшалығы» (1977) , «Көкейкесті» (1987), «Ночь воспоминаний о Сократе или судна шкуре туполобого» (в авторстве с Ч Айтматовым ,1998), поэзиялық пьесалары театр сахналарында қойылды. «Уақыт бедерлері » (1981), «Зерде кітабы» (1984) атты жинақтары орыс тілінде шықты.Шығармалары шет елдерде де жарық көрді.

## Мұхтар Шахановтың шығармалары:


1. Шаханов, М. Балладалар [Мәтін] : балладалар мен өлеңдер / М. Шаханов. - Алматы: Жазушы, 1968. – 55 б.
2. Шаханов, М. Ғасырларды безбендеу [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, поэмалар / М. Шаханов. - Алматы: Жазушы, 1988. – 304 б.
3. Шаханов, М. Ғашықтық ғаламаты [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, поэмалар / М. Шаханов. - Алматы: Өнер, 2012.– 480 б.
4. Шаханов, М. Ғашықтық ғаламаты [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, поэмалар / М. Шаханов. - Алматы: Өнер, 2012. – 480 б.
5. Шаханов, М. Дара талғам қасіреті [Мәтін] : поэмалар, өлеңдер, балладалар, әндер / М. Шаханов. - Алматы: Раритет, 2007. – 264 б.
6. Шаханов, М. Дәуір дастандары [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, поэмалар / М. Шаханов. - Алматы: Жазушы, 1993. – 320 б.
7. Шаханов, М. Жаңа қазақтар [Мәтін] : таңдамалы жырлар / М. Шаханов ; құраст.: Қ. Ағыбаева. - Алматы: Білім, 2000. – 224 б.
8. Шаханов, М. Компьютербасты жарты адамдар (Рухсыз күш формуласы) [Мәтін] : таңдамалы жырлар, балладалар, дастандар, әндер / М. Шаханов ; құраст.: Б. Шахманов. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2003. – 200 б.
9. Шаханов, М. Махаббатты қорғау [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, поэмалар / М. Шаханов. - Алматы: Жалын, 1982. – 256 б.
10. Шаханов, М. Мәңгүрттенбеу марсельезасы [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, поэмалар, әндер / М. Шаханов. - Алматы: Рух-дария, 2008. – 288 б.: 16 б.
11. Шаханов, М. Сенім патшалығы [Мәтін] : өлеңдер, поэмалар / М. Шаханов. - Алматы: Жалын, 1977. – 208 б.
12. Шаханов, М. Тілсіздендіру анатомиясы [Мәтін] : поэмала, өлеңдер, балладалар, әндер / М. Шаханов. - Алматы: Рух-дария, 2006. – 361 б.
13. Шаханов, М. Шығармалар жинағы [Мәтін] : өлеңдер мен балладалар, поэмалар / М. Шаханов. - Алматы: Өлке, 2015. – 480 б.
14. Шаханов, М. Эверестке шығу [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, поэмалар / М. Шаханов. – Алматы: Атамұра, 2003. – 272 б.

## Мерзімді басылым беттеріндегі жариялымдары

15.Шаханов, Мұхтар. Әйелдер [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Қостанай таңы. – 2022. – 4 наурыз – Б. 8.

16. Шаханов, Мұхтар. Туған жер [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Балалар әлемі. – 2022. – № 5. – Б. 25.

17. Шаханов, Мұхтар. Әннің атын ұрлау - қылмысқа барабар іс [Мәтін] : [көкейтесті көзқарас] / М. Шаханов // Жалын. – 2019. – № 1. – Б. 2–4.

18.Шаханов, Мұхтар.  Әннің атын ұрлау - қылмысқа барабар іс [Мәтін] : [көкейтесті көзқарас] / М. Шаханов // Жалын. – 2019. – № 1. – Б. 2–4.

19. Шаханов, Мұхтар. Желтоқсан алаңы [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Таң–Шолпан. – 2018. – № 6. – Б. 3–4.

20.Шаханов, Мұхтар. Бірге бірді қосқанда не болады? [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Қостанай таңы. – ("Қостанай ақшамы" танымдық–тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2016. – 19 тамыз. – Б. 12.

21.Шаханов, Мұхтар. Төрт ана [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Жыл он екі ай. –2016. – № 4. – Б. 1–2.

22.Шаханов, Мұхтар. Бірге бірді қосқанда не болады? [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Қостанай таңы. – ("Қостанай ақшамы" танымдық–тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2016. – 19 тамыз. – Б. 12.

23.Шаханов, Мұхтар Қазақстанның Халық жазушысы, Қырғызстанның Халық ақыны, "Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны" сыйлығының иегері: Шәмші Қалдаяқов екеуміз ұрымыз ба ? [Мәтін] : ["Ақсудан ұшқан аққуым" әнінің тарихы] // Жұлдыздар отбасы.– 2014. – № 18. – Б. 27–28.

24.Шаханов, Мұхтар.  Шындығын жоғалтып алғандар мен ұлттық мүдденен бойын аулақ салғандар туралы [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Жалын. – 2013. – № 11. – Б. 2.

25.Шаханов, Мұхтар. Шындық тауына шыққан қыз [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Жалын.– 2012. – № 4–10. – Б. 111.

26.Көкірегімде төрт сәуле бар [Мәтін] : [оқушыларға ақын М. Шаханов өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру, тәрбие сағаты] / А. Алекешова // Мектептегі мерекелер. – 2012. – № 6. – Б. 32.

27.Шаханов, Мұхтар. Желтоқсан эпопеясы [Мәтін] : [деректі роман] / М. Шаханов // Жалын. – 2012. – № 11. – Б. 34–72.

28.Шаханов, Мұхтар.  Мүсірепов феномені [Мәтін] : ("Желтоқсан эпопеясы" атты деректі шығармадан үзінді) / М. Шаханов // Таң–Шолпан. – 2012. – № 3. – Б. 14–57.

29.Шаханов, Мұхтар. Қалдаяқов өзені [Мәтін] : ("Шәмші табиғатының шыңы мен шатқалы" атты кітаптан үзінді) / М. Шаханов // Жалын. – 2010. – № 8. – Б. 39–45.
30.Шаханов, Мұхтар. Қырғыз Эвересі және мәңгүрттендірудің егеуқұйрықтық тәсілі [Мәтін] : (аға–дос Ш. Айтматов туралы эсселер) / М. Шаханов // Жалын. – 2010. – № 11. – Б. 30–63.
31.Шаханов, Мұхтар. Қалдаяқов өзені [Мәтін] : ("Шәмші табиғатының шыңы мен шатқалы" атты кітаптан үзінді) / М. Шаханов // Жалын. – 2010. – № 8. – Б. 39-45.
32.Шаханов, Мұхтар. Әрбір ұлтсыз космополит – рухани мүгедек [Мәтін] : [лең] / М. Шаханов // Жалын. – 2009. – № 7. – Б. 14.
33.Шаханов, Мұхтар. "Жалынға" келуіме Мүсірепов себепкер болып еді... [Мәтін] : [жалын" альманағы туралы ойлар] / М. Шаханов // Жалын. – 2009. – № 5. – Б. 10.
34.Шаханов, Мұхтар. Желтоқсан көтерілісі: Горбачев, Колбин, Қонаев және Бакатин төңірегіндегі құпиялар [Мәтін] : [желтоқсан көтерілісінің 23 жылдығына орай жазушы Мұхтар Шахановпен сұхбат] / М. Шаханов ; әңг. Жарылқап Қалыбай // Жалын. – 2009. – № 12. – Б. 7.
35.Шаханов, Мұхтар. Екі Шыңғыс өнегесі және мәңгүрттік қасірет [Мәтін] : [Бішкекте, Шыңғыс Айтматовпен азалы қоштасуда оқылған жыр] / М. Шаханов // Жалын. – 2008. – № 7. – Б. 13.
36. Шаханов, Мұхтар. Әйел беріктігінің шыңы [Мәтін] : [" Желтоқсан эпопеясы " атты деректі романнан] / М. Шаханов // Жалын. – 2008. – № 8. – Б. 30–32.
37.Шаханов, Мұхтар. Түрі қазақ ұлтсыздар немесе африкадағы " Мұрын академиясы" [Мәтін] : [қазақ халқын ұлтсыздандыру саясаты] / М. Шаханов // Түркістан. – 2008. – № 3 (24 қаңтар). – Б. 7.
38.Шаханов, Мұхтар. Түрі қазақ ұлтсыздар [Мәтін] : [отаршылардың ұлтымызды тілінен, дінінен, күллі рухани қуатынан айырған орыс саясатының арнайы құрған жоспары жайлы айтады] / М. Шаханов // Жас қазақ үні. – 2008. – 22 қаңтар. – Б. 8.
39.Шаханов, Мұхтар. Қазақтың дара Қалтайы [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Жалын. – 2008. – № 12. – Б. 15.
40.Шаханов, Мұхтар. Әйелдер [Мәтін] : [өлең] / М. Шаханов // Қостанай таңы. – 2022. – 4 наурыз. – Б. 8..л беріктігінің шыңы [Мәтін] : [" Желтоқсан эпопеясы " атты деректі романнан] / М. Шаханов // Жалын. – 2008. – № 8. – Б. 30–32.

41. Шаханов, Мұхтар. Қытайда қазақ мектептері жабылуда [Мәтін] : [қандас бауырлар тағдырын кім ойлайды ?] / М. Шаханов // Ана тілі. – 2007. – № 23 (маусым). – Б. 1.
42. Шаханов, Мұхтар. Рух пен тіл егемендігі - басты арман [Мәтін] : [" Халық рухы " демократиялық партиясының тұңғыш ұйымдастыруымен Құрылтайы өтті / М. Шаханов // Ана тілі. – 2007. – № 24 (маусым). – Б. 3.
43. Шаханов, Мұхтар. Ұлттық тілді білмейтіндер ұлтқа қызмет ете алмайды [Мәтін] : [Елімізді толғандырып отырған күрделі мәселенің бірі – тіл] / М. Шаханов // Алдаспан. – 2007 – Б. 5–9.
44. Шаханов, Мұхтар. Ұлттық тілді білмейтіндер ұлтқа қызмет ете алмайды [Мәтін] : [Елімізді толғандырып отырған күрделі мәселенің бірі – тіл] / М. Шаханов // Алдаспан. – 2007 – Б. 8–9.
45. Шаханов, Мұхтар. Мемлекеттік тілді қадірлеу Парламент қабырғасынан бастайық [Мәтін] : [тіл туралы ой] /М. Шаханов /Жалын. – 2006 – № 12 – Б. 3.
46. Шаханов, Мұхтар. Желтоқсан эпопеясы [Мәтін] : [деректі романның үзіндісі] / М. Шаханов // Жалын. – 2006. – № 12. – Б. 69–85.
47. Шаханов, Мұхтар. "Егемендік қажет пе еді, рухы мен тілі жоқ"1 [Мәтін] : [тіл мәселесі туралы] / М. Шаханов // Алға. – 2005.– № 5–6. – Б. 7–8 .
48. Шаханов, Мұхтар. "Шала қазақтар ұлты" [Мәтін] : [мемлекеттік тілге жаңа бетбұрыс қажеттігі туралы] /М.Шаханов // Қазақстан әйелдері. – 2005.– Б. 2–3.
49. Шаханов, Мұхтар."Егемендік қажет пе еді, рухы мен тілі жоқ"1 [Мәтін] : [тіл мәселесі туралы] / М. Шаханов // Алға. – 2005. – № 5–6. – Б. 7–8 .

## Мерзімді басылым беттерінде ол туралы жарияланғандар әдебиеттер тізімі :

50. Ақниет, Әділхан. Сәждеге тигіз басыңды... [Мәтін] : [өлеңдер] / Ә. Ақниет // Жалын. – 2019. – № 3. – Б. 61–64.
51. Алпысова, Әсем. Ғасырдың ғаламат ақыны [Мәтін] : [оқушыларға қазақ ақыны Мұхтар Шахановтың поэзиясы арқылы жас ұрпаққа асыл қасиет Айтматов, Шыңғыс. «М. Шаханов туралы ащы шындық» [Мәтін] : [ақын Мұхтар шаханов туралы] / Ш. Айтматов // Жалын. – 2019. – № 2. – Б. 4–5.

52.Алдамжаров, Бекділдә. Құзға құлар қос мұңлық [Мәтін] : [Ш. Айтматов пен М. Шаханов жайындағы мақала ] / Б. Алдамжаров // Жұлдыз. – 2005. – № 6. –172–Б. 195 .
53.Алпысова, Әсем. Ғасырдың ғаламат ақыны [Мәтін] : [оқушыларға қазақ ақыны Мұхтар Шахановтың поэзиясы арқылы жас ұрпаққа асыл қасиет сіңіру] / Ә. Алпысова // Мектептегі мерекелер. – 2015 .–№ 11 . – Б. 19–22.
54.Ашубаева, Л.С. Қазақ тілі [Мәтін] : [Мұхтар Шахановтың өмірімен, шығармасымен таныса отырып, шығарманы талдай білуге үйрету] / Л. Ашубаева // Қазақстан орта мектебі. – 2011. – Б. 53 – 55.
55.Әбдірахманова, Нұргүл. М.Шаханов: " Отырар " [Мәтін] : [ақынның өмірі мен шығармашылығына шолу жасап, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін дамыту] / Н. Әбдірахманова // Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл. – 2011.–Б. 11–12.
56. " Әй, осы жолы кеттім-ау..." деп едім... [Мәтін] : [жазушы Мұхтар Шахановпен сұхбат: суреті бар] / Шаханов М; сұхбаттасқан Әлия Құдайбергенова // Жұлдыздар отбасы. – 2014. – Б. 6–9.
57.Байболова, Сағадат. Мұхтар Шахановқа арналды [Мәтін] : [ақын туралы оқушылардың туған жерге , елге, тарихы мен тіліне, дініне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін арттыру ] / С. Байболова // Сыныптағы тәрбие. – 2009. – № 3. – Б. 27–29.
58.Жұмағалиқызы, Лариса. Мұхтар Шаханов - қоғам қайраткері [Мәтін] : [ақынның өлеңдерімен, асыл қасиеттерімен таныстыру] / Л. жұмағалиқызы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010. – № 5. – Б.  90–92.
59. Иманқалиева, Ә.  М. Шаханов поэзиясындағы елжандылық [Мәтін] : [Мұхтар Шахановтың өмірімен, шығармасымен таныса отырып, шығарманы талдай білуге үйрету] / Ә. Иманқалиева // Тәрбие құралы. – 2012. – № 5. – Б.  27–28.
60.Итібай, Бибіш. Ұлт рухының шырақшысы [Мәтін] : [Мұхтар Шахановтың өмірімен, шығармасымен танысу] / Б. Итібай // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2015. – № 9. – Б. 46–49.
61.Қуандықова, Сандуғаш. Өлеңім – өмірімнің айнасы [Мәтін] : [ақын Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған әдеби кеш] / С. Қуандықова // Тәрбие сағаты. – 2019. – № 6. – Б. 7–9.
62.Мирова, Гүлжанат. Мұхтар Шаханов. "Отырар" поэмасы [Мәтін] : [ақын М. Шахановтың шығармашылығына шолу] / Г. Мирова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2009. – № 4. – Б. 60–65.
63.Мұхтар Шаханов, Қазақстанның Халық жазушысы, Қырғызстанның Халық ақыны, "Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем

ақыны" сыйлығының иегері: Шәмші Қалдаяқов екеуміз ұрымыз ба ? [Мәтін] : ["Ақсудан ұшқан аққуым" әнінің тарихы] // Жұлдыздар отбасы. – 2014. – № 18. – Б. 27–28.
64. Орынжамал, Семізбаева.Ғасырының үні болған ұлы ақын [Мәтін] : [Мұхтар Шахановтың өмірімен, шығармасымен таныса отырып, шығарманы талдай білуге үйрету] / С. Орынжамал // Мектептегі мерекелер. – 2013. – № 6. – Б. 26–27.
65. Туменбаева, Г. Жалынды жыр иесі –Мұхтар [Мәтін] : [Мұхтар Шахановтың өмірімен, шығармасымен танысу] / Г. Туменбаева // Мектептегі мерекелер. – 2013. – № 2. – Б. 20.

## Ол туралы әдебиеттер :

66. Айбергенова, С. Тоғысқан тағдырлар [Мәтін] : Көркем әдебиет. Мемуар / С. Айбергенова. – Алматы: Аннұр Сапа, 2020. – 264. – 32 б.
67. Айтматов, Ч. Т. Плач охотника над пропастью : Исповедь на исходе века [Текст] : пер. с каз. / Ч. Т. Айтматов, М. Шаханов ; [послесл. В. Коркина]. – Алматы: Рауан, 1996. – 384. – 33 б.
68. Айтматов, Ш. Ғасыр айрығындағы сырласу (Құз басындағы аңшының зары) [Мәтін] : рухани-философиялық, тарихи-танымдық және махаббат хикаяларына құрылған эсселер кітабы / Ш. Айтматов, М. Шаханов.–Алматы: Полиграфкомбинат, 2008. – 512 б.
69. Алаштың ардағы [Мәтін] : елтанымдық және тіл танымдық жинақ / құраст.: Е. Е. Тілешов, Г. П. Әріпбек. – Астана: Руханият, 2010. – 267 б.
70. Алаштың ардағы [Мәтін] : елтанымдық және тіл танымдық жинақ / құраст.: Е. Е. Тілешов, Г. П. Әріпбек. – Астана: Руханият, 2010. – 267 б.
71. Алматы. 1986. Желтоқсан [Мәтін] : айғақ-кітап. – Алматы: Аударма : Алтын орда, 1991. – 192 б.
72. Ерғали, С. Нау мен ырыс [Мәтін] : пайымдама / С. Ерғали ; алғысөз жазғ.: М. Шаханов, Д. Қамзабекұлы. –Алматы: Қазығұрт, 2011. – 184 б.
73. Ерман, Жүрсін. Екі тізгін бір шылбыр [Мәтін] : жинақ / Ж. Ерман. – Алматы: Атамұра, 2008. – 320 б.
74. Ешимов, М. П. Қазақ әдебиеті мен мәдениеті [Мәтін] : шетелдік және өзге тілді азаматтарға арналған оқу құралы / М.П. Ешимов. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2012. – 105 б.
75. Жақсымбетұлы, Е. Шәмші-дария [Мәтін] : деректі дастан / Е. Жақсымбетұлы [алғы сөз жазғ.: М. Шаханов, Р. Файлер]. – Алматы: Білім, 2015. – 346 б.

76. Заманауи қазақ әдебиеті поэзиясының антологиясы [Текст] :[шығармалар жинағы].– Стамбул, 2019. – 703 б.
77. Қазақ телеэкраны [Мәтін] : Арналар тарихы мен есімдер / [құраст.: Қ. Тұрсын ; ред. алқасы: С. Оразалы [т. б.]. – Алматы: Дәуір, 2021. – 606 б.
78. Қорғасбек, Ж. Кітапхана : [Шыңғысханнан Шахановқа дейін] [Мәтін] : сұхбаттар / Ж. Қорғасбек. – Алматы: Хан Тәңірі, 2014. – 266 б.
79. Қорғасбек, Ж. Кітапхана : [Шыңғысханнан Шахановқа дейін] [Мәтін] : сұхбаттар / Ж. Қорғасбек. – Алматы: Хан Тәңірі, 2014. – 266 б.
80. Мейір, Ж. Креативтік тәрбие [Мәтін] : оқу құралы / Ж. Мейір, Б. Игенбаева. –Астана: Фолиант, 2009. – 192 б.
81. Мен сәлем жазамын [Мәтін] : қазақ ақындарының өлеңдері / құраст.: Ж. Қыдыров. – Алматы: Жалын, 1979. – 280 б.
82. Мүсірепов, Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер [Мәтін] : ойлар, толғаныстар / Ғ. Мүсірепов ; құраст.: Ә. Нарымбетов, Ж. Әбдіғапарова. – Алматы: Жалын, 1987. – 124 б.
83. Нарымбетов, Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі [Мәтін] : әдеби мақалалар / Ә. Нарымбетов ; ред.: Қ. Қасымбеков. – Алматы: Жазушы, 1989. – 184 б.
84. Тоқашбаев, М. Тәуелсіздік - Тынысым [Мәтін] / М. Тоқашбаев. – Алматы: Қазақпарат, 2011. – 320 б.
85. Шаханов, М. Балладалар [Мәтін] : балладалар мен өлеңдер / М. Шаханов. – Алматы: Жазушы, 1968. – 55 б.
86. Шаханов, М. Ғасырларды безбендеу [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, поэмалар / М. Шаханов. – Алматы: Жазушы, 1988. – 304 б.

## Замандастар лебізі

Мұхтар Шаханов өзіне тін көргендіктен ,гуманистік, ар–намыстық сезім алғырлығымен бүгінгі жаппай еркіндікке елтіген рухани құлдырау мүйісінен, ғаламат ақындық сөз қуаты арқылы әлемдік үлкен қауіп алдында тұрғанымызды ескертеді.Рухани байлықты мойындамай, тек қана жалаң білімге ден қойған қазіргі «компютер басты» жарты адамдардың пайда болуы жайлы Шаханов концепциясы бізді, жапондықтарды қайран қалдырды. Мен оның халқын осындай теңгеруінді перзент тудыра алғандығымен құттықтағым келеді.

**Дайсаку Икеда.**

Мұхтар Шананов-өзінің адасқақ дүлей дәірінің белсенді ар-ажданы. Оны билік тұғырындағылар бағалай қояр ма екен? Бірақ мен осындай азаматтың өзіме жақын дос екенің мақтан етемін.

**Расул Ғамзатов.**

Мұхтар Шаханов ұлттық шектеулікке бағынбайтын нағыз қазақ ақыны. Оны үлкен болашақ күтіп тұрғанына сенемін. Өйткені фольклор әуендерінен бас алған ақын Шаханов өз халқының тарихи және кәзіргі заманғы даналығын шебер ұштастыра отырып, әлемдік рух биігінде самғауда.

**Евгений Евтушенко**

Мұхтар Шаханов туындыларында ғаламмен үндес терең поэзиялық мән жатыр.Замана алпауыттарының рухсыздығы мен имансыздығы қашан да  М. Шаханов назарында.

**Нагиб Махфуз**

Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» мен «Жазагер жады космоформуласы» («Шыңғысханың пенделік құпиясы») туындылар –бұл кәзіргі дәуірдің ғалами иманды –этикалық мәселелерін поэтикалық тұрғыда түйсіндіру дер едім.Бұл екі философиялық поэма бізге керемет әсер қалдырып қана қоймай, адамзат болашағы туралы толғануға мәжбүр етеді. М.Шаханов, сөз жоқ, ххі ғасыр тудырған рухани діңгектердің бірі.

**Джеймс Биллингтон**

Мұхтар Шаханов – Өз дәуірінің азаматтық ар- намысы. Біз оның 1986 жылғы  Алматыда өткен Желтоқсан оқиғасы төңірегіндегі шындықты әйгілеумен шұғылданып жүргенің жақсы білеміз. Бұл Мәскеудегі және осы өңірдегі билік алпауыттарына ұнамайды. Біз ақының рухтастары мынандай мәлімдеме жасағымыз келеді. Егер кейбір жасырын күштер оған залал келтіруге тырысар болса,біз әлемдік деңгейде дабыл қағуға әзірміз.

**Андрей Вознесенский.**

О.Шпенглердің «Еуропаның құлдырауы» ДЖ. Тойнбидің «Тарихты тағылымдау» шығармалары –сүйікті кітаптарым. Енді менің кітап сөремде  Мұхтар Шахановтың «Өрениеттің адасуы» атты поэмасы сол ойшылдар еңбектерімен қатар тұр.

**Оскар Ариас Сандес.**

Бакудың екі драма театрында Мұхтар Шахановтың «Сократты ескеру түні» (Шыңғыс Айтматовпен бірлесіп жазылған) және «Шыңғысханың пенделік құпиясы» шығармалары бойынша қойылған спектакльдер зор табыспен өтіп жатыр. Бұл ақынымыздың тек түрік дүниесінде ғана емес, күллі әлемдік поэзияда да алар орны ерекше екені даусыз.

**Полад Бюль–Оглы.**

## Айбергенов шығармашылығынан

## Сағыныш

( Мұхтар Шахановқа)

Сағындым жаным, мен сені !
Көркінді жүрген қуаныш қылып,мендей ме екен бар ағаң...
Шын інім болсаң, бас бұрма, жаным, өсек-ғайбатқа бораған.
Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығың, сен, сағынышымен есепте .
Онсыз сен тіпті, тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға.
Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.
Сағынбай барсаң теңізде сенің тебіренбес жастық шағындай
Бұлбұлдың дауысын ести алмайсың,бауырларға кірсең сағынбай
Сағынбай барсаң тауларда сенің алдыңнан шықпас асқақтап,
Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап.....
Үмітке толы ,арманға толы әр жүрде бір түп қарағай
Сағынбай жүрсе ,қалуы мүмкін жамырасуғада жарамай.
Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған,
Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан оянған
Бабалар бізді сағынған,жаным арманның аңсап биігін
Әжелер бізді сағынған,жаным талдырып асқан иығын
Көкірегінде сағыныш барда мұрат та сенде бар, жаным
Алдында тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.
Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек.
Алдынаң орман кес-кестеп шықса, сағынышымен көктеп өт!
Мен бұны саған жазып отырмын,арманымды орап сезімге,
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

# Ақын жырлары

## Мұрын жайлы әзіл

«Перзент болу оңайма толыққанды,
Зерттеп өс, – деп,айдарлы алыптарды»
Мені башқұрт жыршысы Мұстай Кәрім
Расул Ғамзатовқа алып барды.

Таулыққа тән асау ой қанатында
Жайсаң, күліп қоштасты дара тұлға.
Үш жылдан соң ғарышкер Севастьянов
Таныстырды қайтадан мені ақынға.

Расул айтты: «Кез келген жас талапты»
Балау қиын қыранға қос қанатты.
Інім,сенің жырынды оқығам жоқ.
Бірақ бұзау мұрының есте қапты.

Өзгешелік – табиғат тірегі екен,
Өзгешеге ойлы жан күле ме екен?
Өнерде де бөгде жұрт шатастырмас
Өз мұрының болсын деп тілек етем»

Тыңдағым кеп ғасырдың арайлы әнін,
Арай шашқан тауларды маңайладым.
Ғамзатовтың өзіне қарадым да:
«Гәп мұрында жатыр ма», – деп ойладым.

Өтті жылдар,
Кеңейді өрісім де.
Бар, әрине, жеңіліс,
Жеңісім де,
Тілектесім көбейді ел ішінде,
Біреулер жүр келе алмай келісімге,
Өлеңімнің мұрнын бұзғысы кеп,
Жұдырығын жасырып жең ішінде.
Даралыққа не жетсін көңілдегі...
Бақытты жан мен болам төріндегі.
Өлеңде де ешкімге ұқсамайтын
Мұрнымнан танысаң, елім мені!

## Жас бизнесменге хат

Жаңа қазақ, шала қазақ жас інім,
Алшасынын тұрды бүгін асығың.
Саған қарап ойландым да жасырдым,
Айырмаған азғыны мен асылың
Мына ғасыр бәлкім сенің ғасырың.

Мына ғасыр безбүйректеу өр ғасыр
Жүрегінде сезім емес қорғасын
Шетке қақты тұлпары мен жорғасын
Қақпай қайтсің ,бәрін сатып алуға
Ләм сатуға мүмкіндігі болғасын.

Сенде кәзір думан дәірмен, масат күн
Өзіңді-өзің бар жауаптан босаттың
Рухани байлыққа да тас аттың
Аудандағы жалғыз кітап дүкенің
Сатып алып сырахана жасаттың.

Тез ашылып саудагерлік дарының,
Таудан, тастан қайтпастай өр арының.
Саудаладың Алматының жарымын
Ұлағатты ұлы қазақ елінде
Сатылмайтын нәрселерде бар інім.

Жалғыз саған борыштыдай бар халық
Топ ішінде ісіп-кеуіп нарланып.
Кейкиесің қол беруге арланып
Дегенмен біз сені туған ұлттың
Сатылмайтын қасиеттерің қорғадық.

Ұлтымыздың әр мұнының басында
Салт пен сана ,тіл мен дәстүр қасында
Арал зары шапқан кезде насырға
Қорғаушы боп тағыда біз жүргенбіз
Мейірім қосып мейрімсіздеу ғасырға.

# Ой

Шаңқай түсте,
Яки нұрлы ақ таңда,
Самолетпен ұшып бара жатқанда,
Көз салсаңыз төменге,
Бір тегіс боп көрінеді жыралар,
Тереңінде жыланы бар ұралар,
Байқалмайды әжім-әжім қыраттар,
Қырат көзін жарып шыққан бұлақтар.
Бұққан сансыз құпиялы ойларға,
Бір тегіс боп көрінеді сайлар да.
Қыр мұрынды қырқалар ала бөтен.
Сәулет беріп жатқандай далаға кең.
Сөйтсем, мына қашықтық қанша сырды,
Сырт көздерден бүркеліп қалады екен .
Мен де семен көп мезгіл қашық жүріп
Назарымды жан-жаққа шашып жүріп,
Байқамаппын жанымның жырларын,
Жылан бұққан зымстан ұраларын.
О,тағдырым,
Тірек бол тірегіме,
Сабырлы ойдың қашырма сұрқын,тіптен.
Қас пен достың қажырлы жүрегіне
Тек жақынан қарауға мүмкіндік бер.
Ал егер мен жақыннан қателессем,
Жақын келген бақытқа қуанбасам,
Жақын тұрған биікке шыға алмасам.
Жақын жүріп жауымды танымасам.
Жақын жүріп досымды ұға алмасам.
Өз қайғыммен өзімді жазалаған
Онда менің өзіме өз обалым.

# Төрт ана

Тағдырынды  тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға .
Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер,жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері –түп қазығы, айбыны,
Туған тілі –мәңгі өнеге айдыны,
Жан байлығы, салт –дәстүрі –тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және туған тарихы ,еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болсада.
Құдірет жоқ төрт анаға тең келер,
Оңсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.
Өзге ананың  ұлылығын танымас ,
Төрт анасын менсінбеген пенделер .
Төрт анадан сенім таба алмаған
Тамырсыздың басы қайда қалмаған ?
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана –тағдырынның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес –күрестердің ұлысы !

# Достық пен махаббат

Өзендер мен көлдердің,
Көлден шалғай шөлдердің,
Биіктер мен алыптардың ,
Жылулар мен жарықтардың арасын
Жалғап келген бір ән бар.
Парасатты мұңданудан
Жерді қирап күл болудан,
Таңды қарадүрсіндіктен
Қорғап келген бір ән бар.
Ол ән –ұлы достық әні, негізгі әні ғаламның,
Ол ән –ұлы махаббаты менің сайын даламның ,
Дала көңіл бабамның.
Сол екі ән гүлденер жер
Салмақ тауып саналы.
Сол екі әнді білмегендер
Өмір сүрдім демесе де болады.

## Тарысы бар аймақтың

Даттайды екен бір кінәнді ел білсе ,
Бірақ ол да келген қайғы уақытсыз.
Қызғанышы ізгілігін сөндірсе
Нақ сол адам бақытсыз.
Көздер барда қадалатын тамсана
Шын сұлулық қалмақ емес назарсыз.
Қажырсыз ба,қанша сұлу болсада,
Нақ сол адам ажарсыз.
Жабырқама,
Белінді жаз бүгілген.
Еңкеймесін ер жігіттің атағы,
Ол солай ғой,
Түймедей бір мініңнен
Бәз біреулер түйе жасап жатады.
Мойыма дос ,
Неге әлсіздік байқаттың,
Тарылмасын көңіліңнің қойнауы.
Ойлашы өзің,
Тарысы бар аймақтың
Мүмкін бе екен торғайлары болмауы?

## Мұхтар Шаханов: «Күрес әлі жүріп жатыр – шындық үшін, ар үшін!»



## Қазақстанның Халық жазушысы Мұхтар Шахановтың тағы бір кітабы жарық көрді.



**Ақынның жыр жинақтары, Әуезов кітаптары тұрған сөреде  жиналып тұр.**






**Ақынның кабинетіне қарай өттік. Қос қабырға самсап тұрған кітап**








ОСАЛДЫҚ

Бірде олай, бірде былай бұл өмір,
Бақ пен қайғы бір кеңілге сыйған ба?!
Мен жаққа сен құлағыңды түре жүр,
Егер досым даттап жатса иланба.
Мұндай шақта таусылмасын төзімің,
Кейіме оған осы ма деп тапқаны.
Ол, әрине
ол, әрине, өзінің
Осалдығын саған айтып жатқаны.

АЛМА БАҚТЫҢ ҰРЫЛАРЫ

(Әзіл)

241



Мұхтар ШАХАНОВ, ақын, ҚР Халық жазушысы:

ҰСТАЗЫМ МАҒАН: «СЕН АДАМ БОЛМАЙСЫҢ!» ДЕУШІ ЕДІ...

кірпішті қояды. Енді екі кірпішті арқадан түсірмей, мектепті екі айналып еңбектеп шығуың керек. Егер түсіріп алсаң, тағы үшінші рет айналасың. Сөйтіп жазалайтын бізді. Содан кейін: «Мен шаршап келдім. 1-сыныпқа мына тапсырма, 2-сыныпқа мына тапсырма, үшінші, төртіншіге..» деп тапсырма береді де, өзі жақын жердегі туысқанының үйіне барып шай ішеді. Баламыз ғой, бір-бірімізбен ойнап сыртқа шығып кетсек, келіп жазалайды. Тәртіп бұзғандарды мектептің шатырына қамап, сатыны алып қояды. Сол жерде қас қарайғанша жатамыз. Кеш болған кезде тапсырып кеткен әлгі туысқаны келіп сатыны қояды, біз үйге қайтатынбыз. «Егер осыны үйлеріңе айтсаңдар, өйтем, бүйтем» деп қорқытатын. Біз ата-анамызға бір ауыз айтпаймыз, жақпай қалсақ ұратын, тіпті бір күні қасымыздағы бір баланы ішінен теуіп жібергенде әлгі бала демала алмай, құлап қалған. Түкпірдегі ауылдардың тексеретін ешкім жоқ, газет-журнал

MyShared




… әдейі жасалған рухани-физиологиялық байлық»
(М.Шаханов, «Ұлт анасы …)




ЖЕЛТОҚСАННЫҢ
АҚИҚАТЫ
Желтоқсан оқиғасын ақтап алудағы айналайын Мұхтар Шахановтың еңбегін ерлікке барабар іс деп есептеймін. Оған қазақ халқының Батыры атағын осы үшін ғана беруге болады. Мен оның басқа да атқарып жатқан қыруар жұмысын ауызға алып отырған жоқпын.
Қасым Қайсенов


Ғылыми Кеңесінің шешімімен **М.Шахановқа**
**«Құрметті профессор»** атағы берілд




*Мен үшін Мұхтар мен Олжастың орны бөлек. Халқы да солай қадірлейді. Ақындығын азаматтығы, азаматтығын ақындығы көтерген, елдің сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаған, дауласуға бар, бірак жауласуға жоқ, осындай ұлдары бар, осындай ақындары бар халықта не арман бар!*
*Дінмұхаммед Қонаев*

**Оқушылар Шаханов өлеңдерін жатқа оқыды**





**Бір бөлігі махаббат лирикасына тоқталса, енді бір бөлігі ұлттық рух төңірегіндегі жырларын оқып, көрерменді тәнті етті.**





**"Шалкөде" демалыс орнының табиғаты да сондай әдемі екен.**



***Тау бөктеріне тігілген киіз үйде ақынға арналған мол дастарқан жаюлы.***





# «Қорлан» әні

**Бір қыз бар Маралдыда Қорғылайын**
**Табиғат берген екен күн мен айын**
**Мұратқа іздеген жан бәрі жеткен**
**Дариға арманым көп не қылайын**

**Қайырмасы:**
**Ахау, арман**
**Құсни, Қорлан!**
**Екі-ай бағлан**
**Екеуі туған екен бір анадан**

**Бозбала қалма қапы бұл жалғаннан**
**Жігіттің арманы жоқ Қорланды алған**

**Өзіңдей боп жан тумас**
**Туса туар, артылмас**

**Бар ғаламды шарықта**
**Уа, дариға, ләулік тас**
**Бағдат, Мысыр, Шың, Машын**
**Іздесем Қорлан табылмас**



## Мұхтар Шаханов шығармалары:










ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ
МҰХТАР ШАХАНОВ
Құз басындағы аңшының зары
(Ғасыр айрығындағы сырласу)


МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ ӘНДЕРІ


Мұхтар ШАХАНОВ
Эверестке шығу




Мұхтар ШАХАНОВ
КОМПЬЮТЕРБАСТЫ ЖАРТЫ АДАМДАР
(Рухсыз күш формуласы)


Мухтар Шаханов
ЗАБЛУЖДЕНИЕ ЦИВИЛИЗАЦИИ


МҰХТАР ШАХАНҰЛЫ
таңдамалы жырлар


МҰХТАР
ШАХАНҰЛЫ
ДӘУІР
ДАСТАНДАРЫ


МҰХТАР ШАХАНОВ


МҰХТАР
ШАХАНОВ
ғасырларды
безбендеу


Мұхтар
ШАХАНОВ
Жаңа
ҚАЗАҚТАР


МҰХТАР
ШАХАНОВ
ЖЕЛТОҚСАН
ЭПОПЕЯСЫ
1

# Ол туралы баспасөз беттеріндегі жарияланымдары



## «ЖАЗАГЕР ЖАДЫ КОСМОФОРМУЛАСЫ»

### РОМАНЫНАН ҮЗІНДІЛЕР

Мұхтар ШАХАНОВ

***ГИМАЛАЙ ЖОЛБАРЫСТАРЫ*** **немесе** ***МАЛДЫҚ САНА ТУРАЛЫ БАЛЛАДА***

Біздер қашан, арыламыз дүлей-шампа күдіктен?
Ең дұрысы, адамдығы еңкейгеннен қорыққан.
Көп жыл бұрын Гималайдың баурайында жүріп мен
Бір жолбарыс аулаушыға жолыққам...

Соның айтқан әңгімесі қалып қойды есімде:
Қалың орман арасында, не құзар шың төсінде,

Не асқақ тау баурайымен сапар тартсаң жолға алыс,
Қайтпек керек, қарсы алдыңнан шыға келсе жолбарыс?

Ең бастысы: сабыр сақтап, еңкейместен тік тұру,
Аңға, малға жақындамас болмысыңды ұқтыру.

Осы шартты орындасаң, одан қауіп күтпегін,
Ал, еңкейіп, төрт аяқты малға ұқсасаң — біткенің.

Сол сәтінде-ақ тарғыл мысық қан толтырып көзіне,
Серіппедей тартыла кеп атылады өзіне.

Бұл сұраққа ғылым әлі толық жауап таппаған:
Адам кейпін сақтағанды жыртқыш неге жақтаған?

Бәлкім, тәңір, пенделерін ойға тарту үшін де,
Жаратты ма жолбарысты осындай өр пішінде?

Інкәр тірлік жолындасың.
Қимылыңа мән бер сен,
Қай кезде де еңсе бүкпеу — ердің басты құралы.
...Мен де кейде адамдығы аласарған жан көрсем
Ыза буған жолбарыстай атылғым кеп тұрады...

Бір белгілі бизнесменнің нақсүйері, сыңары,
Талай дарын ағып өткен,
Менің жастық шағым өткен
Алматыда, алма пейіл, сауда зейін қалада,
Жалт-жұлт еткен әсем тонын сары ала,
Гималайдың ең соңғы, ең атбалды,
Мекен еткен сан құзар шың шатқалды,
Барысының терісі деп мақтанды,
Жанарында бір дарақы от жанды.

Бірақ менің бұл жел сөзге тіпті сенгім келмеді,
Жолбарысын жоғалтса егер таулардың да өлгені.

*Ақылбек АСАНОВ (Қырғыз суретшісі). «Жазагер жады космоформуласы» негізінде салынған сурет.*

Сен түгіл қасқыр қасқырмен, маймыл мен маймыл жұптасқан,
Өз теңін тапқан соң ғана, адымын олар нық басқан.

Ойың мен ісің — жаңғырық, кейде оған түйсік жетпейді,
Әйел ап, бала тудыру, ақылды қажет етпейді.
Күнделік құмар сезімді, өрілгені үшін отпенен,
Шатастырып алдық, құдай-ау, бір туар махаббатпенен.

Алдану сірә түк емес, бұлтақсыз, бұлтсыз шақта да,
Үйлену деген, қарағым, алғашқы баспалдақ қана.
Ата-анаң, үрім-бұтағың, бәрі де сені тұр қолдап
Бастысы — сұлу жұбайың өзіңе ертең кім болмақ?

Махаббат — қайсар заңғар шың, кез келген өрлей алмаған,
Он мыңнан, бәлкім, екі адам үмітін зорға жалғаған.
Содан ғой, сансыз кеудені жалғыздық дерті торлаған,
Қаншама заңғар тұлғалар қанатсыз жардан сорлаған.

Тұрмыстың түрлі сынынан сүрінбей өтті десе де
Жұбайың досың бола ма?
Міне бұл басты мәселе.
Не бермек тәннің одағы?
Жанына жаны қосылмау,
Бұл нағыз бедеу қасірет, қосылмау деген ашылмау!

Гүл болып ашылмағанның тілегін кім бар жақтаған!
Рухы қосылмағанның, сезімі шаттық таппаған,
Рухы қосылмағандар — жалынсыз, сәнсіз, жақұтсыз,

### ЗАМАНДАСТАР ЛЕБІЗІ

*Мұхтар Шаханов өзіне тән көрегендікпен, гуманистік, ар-намыстық сезім алғырлығымен бүгінгі жаппай еркіндікке елтіген рухани құлдырау мүйісінен, ғаламат ақындық сөз қуаты арқылы әлемдік үлкен қауіп алдында тұрғанымызды ескертеді.*

*Рухани байлықты мойындамай, тек қана жалаң білімге ден қойған қазіргі «компьютер басты» жарты адамдардың пайда болуы жайлы Шаханов концепциясы бізді, жапондықтарды қайран қалдырды. Мен оның халқын осындай тегеурінді перзент тудыра алғандығымен құттықтағым келеді.*

**Дайсаку ИКЭДА.**

*Мұхтар Шаханов — өзінің адасқақ дүлей дәуірінің белсенді ар-ожданы. Оны билік тұғырындағылар бағалай қояр ма екен? Бірақ мен осындай азаматтың өзіме жақын дос екенін мақтан етемін.*

**Расул ГАМЗАТОВ.**

*Мұхтар Шаханов ұлттық шектеулікке бағынбайтын нағыз қазақ ақыны. Оны үлкен болашақ күтіп тұрғанына сенемін. Өйткені фольклор әуендерінен бас алған ақын Шаханов өз халқының тарихи және қазіргі заманғы даналығын шебер ұштастыра отырып, әлемдік рух биігінде самғауда.*

*Евгений ЕВТУШЕНКО.*

*Мұхтар Шаханов туындыларында ғаламмен үндес терең поэзиялық мән жатыр. Замана алпауыттарының рухсыздығы мен имансыздығы қашан да М.Шаханов назарында.*

*Нагиб МАХФУЗ,*
*Нобель сыйлығының лауреаты.*

*Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» мен «Жазагер жады космоформуласы» («Шыңғысханның пенделік құпиясы») туындылары — бұл қазіргі дәуірдің ғалами иманды-этикалық мәселелерін поэтикалық тұрғыда түсіндіру дер едім. Бұл екі философиялық поэма бізге керемет әсер қалдырып қана қоймай, адамзат болашағы туралы толғануға мәжбүр етеді. М.Шаханов,*



## АЙТМАТОВ ПЕН ШАХАНОВ — ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК ҚАЛАМГЕРЛЕРІ

Түрік республикасының жас өнеркәсіп және өндіріс қайраткерлері түзген «Генчсиад» қоғамының халықаралық деңгейдегі беделді қазылар алқасы түркі тілдес халықтардан шыққан 2001 жылдың «ең үздік әлем жазушысы» деп Шыңғыс Айтматовтың, «ең үздік әлем ақыны» деп Мұхтар Шахановтың есімін жариялады.

Сыйлық осы жылдың 25 мамырында Гебзе қаласындағы Түрік Стандарттар институтында салтанатты жағдайда табыс етілмек.

# Көктөбедегі кездесу

## Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шаханов Алматыда ғасыр айрығындағы сырласу кешін өткізді

Заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов ертеректе қазақ досы Қалтай Мұхамеджановпен бірігіп жазған пьесасын «Көктөбедегі кездесу» деп атаған еді. «Қайтсе адам, қалады адам болып» деген мәңгілік сауалға жауап іздеген осы бір өлмес шығарма сорабы өткен жұмада Көктөбе баурайындағы Республика сарайында өткен сырласу кешінде көпшіліктің көкейкөңілінде қайта жаңғырғандай болды. Өйткені қасиетті Көктөбе



етегінде әркім өз әрекетіне, өз-өзіне есеп беруі тиіс. Сондықтан да осы бір әсерлі кездесу кеші дос көңілдердің шынайы сырласуына, бүкпесіз пікір алысуға құрылды.

— Менің өмірімде екі Мұхтар болды. Оның бірі — әкемдей қамқор пейілді ұстазым, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те, екіншісі азамат ақын, көп жылдан бергі сырласым, іні-досым Мұхтар Шаханов. Менің түсінігімше ол — кең ауқымды ізденгіш, ойшыл, Шығыстың даналығы мен Батыстың ұшқыр дүние танымын бір арнада шебер тоғыстырған Азия құрлығындағы аса ірі ақындардың бірі,— деген еді Шыңғыс Айтматов. Алматыда өткен кеш, тағдыр талайы ұқсас, құстың қос қанатындай бауырлас екі халықтың, оның үлкен ұлдарының шынай достығын тағы да бір паш етті. Оқырмандармен кездесу, сыр бөлісу кеші, екі автор — Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың Алматыдағы «Рауан» баспасынан жарық көрген «Құз басындағы аңшының зары» (Ғасыр айрығындағы сырласу) деп аталатын естелік-эссе, сұхбат кітабының тұсаукесер рәсіміне бағышталды. Алғашқыда орысша, іле-шала қазақша нұсқасы жарыққа шыққан осы эссенің басты жетістігі — қос автор өзара еркін әңгіме үстінде әлемдік өркениеттің ертеңі мен бүгіні, болашағы туралы қатпар-қатпар терең түйіндеулер жасайды, әрі өз бастарынан өткен жеке өміріне қатысты күйінішті де, сүйінішті жүрек құпиялары жайлы да сыр бөліседі.

— Әр оқырман өзінің жаны қалаған жазушымен жеке дара, оңашада жолығысады, яғни оның кітабы арқылы беттеседі, сырласады,— деді беташар сөзінде Шыңғыс Айтматов. — Ал мынадай алтын сарайда мыңдаған адамның алдында сыр бөлісу әртіс, әнші емес, жазушы адамға қиын-ақ.

Әлем таныған Айтматов оқырман сауалдарына жауап қайтоғысында қалған соңғы шығармасы «Кассандра таңбасы» осының айғағы іспетті. Сондықтан да сауалды, соңғы туындыдан бастадық.

— Шыңғыс Төреқұлұлы, сіз есіміңізді әлемге танытқан алғашқы шығармаңыз — «Жәмила» повесін қазақ жерінде «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде жарияладыңыз. Одан кейін «Бетпе-бет», «Қош, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан ұзақ күн», «Жанпида»... Бұрынғы шығармаларыңызбен салыстырғанда соңғы еңбегіңіз «Кассандра таңбасы» мүлдем өзгеше сипатта. Тіпті, оны басқа адам жазғандай, өзге Айтматовты көргендей болдық. Қарапайым оқырман мен үшін сіздің бұрынғы шығармаларыңыз үйренері көп, тағылымы зор өмір мектебінің оқулықтары іспетті. Дегенмен олардың авторы өзіңіз. Жаңа заман белесінде тұрып, сол шығармаларыңызды қайта қарасам деген ойыңыз жоқ па?

— Сұрақ орынды, «Кассандра таңбасы» туралы шетелдерде де әртүрлі пікір бар. Айтматов мүлдем өзгерді, космополитизмге ұрынды деп мені айыптаушылар табылып жатыр. Шынында да, бұл шығарманың бас кейіпкерінде Отан жоқ. Ол менің жаныма жақын қырғыз немесе қазақ ауылын мекендемейді. Ғарышта, станцияда өмір сүреді, ғалым-ғарышкер. Ұзақ жылдар бойы жасанды адамдарды дүниеге әкелуді зерттеген ғалым жерге қайтудан үзілді-кесілді бас тартты. Сөйтіп, өз күнәсін жуып-шаю үшін ғарыш тақуасына айналды. Сондықтан да оны мазалаған мәселе ауыл, елдің әңгімесі емес, жұмыр жердің, адамзаттың жағдайы. Ал енді мен осы шығармаға «Жәмила», «Ақ кеме» баспалдақтары арқылы келдім. Егер сол шығармалар тумаса «Кассандра таңбасы» да жазылмас еді.

— Үстіміздегі жыл ұлы Мұхтар Әуезовтің жылы. Оның Отанында әлемнің көптеген елдерінде ұлы тұлғаның мерейтойына қатысты шаралар өтіп жатыр. Ұстазыңыздың тойы тұсында қандай тілек айтар едіңіз?

— Менің сыйынар, пір тұтар шыңым екеу — ол Әуезов пен «Манас» эпосы деп мен ылғи да айтып келемін. Мен осы ұлы тұлғаның батасын алдым, шарапатын көрдім, сол үшін бақыттымын. Біздің өркениетіміздегі Әуезовтің жөні бір басқа. Оның ең басты негізгі еңбегі қазақтың генийі Абайды

# Мұхтар ШАХАНОВ халықаралық сыйлық алды

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне Ресейдің Кениядағы елшісінен жеделхат келді. Онда көрнекті ақын және қоғам қайраткері Мұхтар Шахановқа Арал проблемалары төңірегінде халықаралық деңгейде жүргізген қоғамдық жұмыстары үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта бағдарламасының «Глобус — 500» сыйлығы берілгені хабарланған. Бұл халықаралық сыйлықты кезінде М. Тэтчер және басқа дүние жүзіне белгілі қайраткерлер алған болатын.

Аталмыш сыйлық жерлесімізге маусым айында Бразилия астанасында Біріккен Ұлттар Ұйымының шақыруымен дүние жүзінің мемлекет басшылары бас қосатын жиында табыс етіледі деп жоспарлануда. Жерлесімізді беделді сыйлықтың иегері болуымен құттықтаймыз.

**Нұр КІЛТ.**

# ШАХАНОВТЫҢ "КОСМОФОРМУЛАСЫ" ЮНЕСКО НАЗАРЫНДА

Мұхтар Шахановтың "Жазагер жады космоформуласы" ("Шыңғысханның пенделік құпиясы") атты өлеңмен жазылған романы әлем оқырмандары арасында ерекше қозғау тудырды. Әдебиет пен ғылымның белді қайраткерлері Ш. Айтматов, Нобель сыйлығының лауреаты Х. П. Дюрр, Ф. Хитцер, Ф. Искандер, Д. Икэда және басқалар бұл шығармаға ғаламдық әдебиеттің озық туындысы қатарында баға бергені белгілі. Ал, жақында Халықаралық Калифорния индустрия, білім және өнер академиясы (АҚШ) М. Шахановты осы күрделі еңбегі үшін А. Эйнштейнның алтын медалімен марапаттады.

ЮНЕСКО М.Шахановтың "Жазагер жады космоформуласы" романын жан-жақты зерттей келе оны ЮНЕСКО шеңберінде Алматыда өтетін "Жібек жолы бойындағы ғылым мен руханият" атты конференцияда талқылауды ұсынды. Осыған орай Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясында М. Шаханов шығармасында көтерілген проблемалар негізінде "Рухани тәубеге келу және тарихи жадыны жоғалту қаупі" деген тақырыпта дөңгелек стол өткізілді.

ЮНЕСКО өкілі Р. Герейро өзінің кіріспе сөзінде 1999 жылы Парижде, ЮНЕСКО-ның штаб-үйінде М.Шахановтың "Өркениеттің адасуы" атты поэмасының талқылануы үлкен оқиға болғанын айтты. Ақын шығармашылығына ЮНЕСКО-ның екінші рет назар аударуы тегін емес, — деді ол. "Жазагер жады космоформуласында" осы заманның аса ділгір, әрі күрделі рухани проблемалары көтеріліп отыр.

Шығарманы талқылауға қатысқан тарих ғылымдарының докторы, Армения Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Э. Хуршудян, Гете институтының директоры Р.Кюнзел, тәжік жазушысы С.Абдулло, философия ғылымдарының докторлары Ғ. Есім, А. Артемьев, Польша Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі З. Новицки, Украина Республикасының Бас консулы О. Бай және басқалар М. Шаханов романында көтерілген әлемдік маңызы бар проблемаларға тоқталды. Дөңгелек стол барысында Украинаның Довженко атындағы киностудиясы түсірген "Шыңғысхан құпиясы" атты екі сериялы көркем суретті телевизиялық фильмнен үзінді көрсетілді.

М. Шахановтың "Жазагер жады космоформуласының" ЮНЕСКО деңгейінде талқылануы, ондағы көтерілген проблемалардың әлемдік шеңберде ой-сана қозғалысын тудыруы ұлтымыз үшін де, ұлттық әдебиетіміз үшін де үлкен абырой екені даусыз.



1985 жыл. Дара парасат иелері өмір сүруге қалай дайындалса, өлімге де солай әзірленген. Ғұмырының соңғы сәттерінде туған халқына арнаған соңғы сөзін хал үстінде жатқан Ғ.Мүсірепов маған айтып жаздырған-ды. Онда «егер әдебиет пен өнер ұлы болмаса, ұлт ұлы боп есептелмейді» деген аталы сөз бар еді. Мына суретте сол қайғылы оқиғадан үш жарым ай бұрын Алатау баурайындағы сырласу-серуеніміз бейнеленген.



1997 жыл. Түрік Республикасының Президенті Сүлейман Демирелмен бірге.



Монғол Халық Республикасының тұңғыш ғарышкері Ж.Гуррагча және ұлым Рауан.



1966 жыл. Қазақстан Жазушылар одағының жиынында. Т.Айбергенов, Е.Әкімқұлов және мен.



2007 жыл. Төлеби ауданы. Қасқасу ауылы. Жан бауырым, әпкем Ізетпен бірге.



2005 жыл. Жүрек талмасына ұшыраған өмірімнің қиын сәтінде түріктің белгілі ғалымы, С.Демирел мен Г.Алиевтің жеке дәрігері болған Эртан Демирташ Түркиядан арнайы ұшып келіп, еліне апарып емдеді. Нақ осы жолы тым құрыса өзімнің ем-домыма жетерлік ақша жинамағаныма тұңғыш рет қапаландым. Бірақ Түрік Үкіметі арнайы қаулы шығарып, мені емдеу шығынын өз мойнына алды. Бауырлас елдің бұл азаматтық мінезін әрдайым есте ұстайтын боламын



2008 жыл. Ұлым Рауанның үйіндегі келінім Гүлнармен бірге немерелер арасында.

# Есімдердің әліпбилік көрсеткіші


Айбергенова С. 66

Айтматов Ч. 67,68

Ақниет Ә. 50

Алдамжаров Б. 52

Алпысова Ә. 50

Ашубаева Л.54

Әбдірахманова Н. 55

Байболова С. 57

Ерғали С. 72

Ерман Ж. 73

Ешимов М. 74

Жақсымбетұлы Е. 75

Жұмағалиқызы Л. 58

Иманғалиева Ә. 59

Итібай Б. 60

Қорғасбек Ж. 78,79

Қуандықова С. 61

Мейір Ж. 80

Мирова Г. 62

Мұхтар Ш. 63

Мүсірепов Ғ. 82

Нарымбетов Ә. 83

Орынжамал С. 64

Тоқашбаев М. 84

Туменбаева Г. 65

Шаханов М. 1–49, 62

# Мазмұны

Құрастырушыдан..........................................................................................5
Әлемге танымал ұлы ақын ...........................................................................6
Мұхтар Шахановтың шығармалары....................................................... .......7
Мерзімді басылым беттеріндегі жариялымдары............................................ ....8-9
Мерзімді басылым беттерінде ол туралы жарияланғандар әдебиеттер тізімі...........10-11
Ол туралы әдебиеттер ..................................................................................12-13
Замандастар лебізі.........................................................................................14-15
Айбергенов шығармашылығы .......................................................................16
Ақын жырлары..................................................................... ....... ....17
Жас бизнесменге хат .....................................................................................18
Ой ..................................................................................................................19
Төрт ана .........................................................................................................20
Достық пен махаббат ....................................................................................21
Тарысы бар аймақтың ...................................................................................22
Мұхтар Шаханов: «Күрес әлі жүріп жатыр – шындық үшін, ар үшін!» ......................23
Ақынның жыр жинақтары, Әуезов кітаптары тұрған сөреде жиналып тұр.................24
Оқушылар Шаханов өлеңдерін жатқа оқыды .....................................................28
"Шалкөде" демалыс орнының табиғаты да сондай әдемі екен..................................29
Қорлан əні ......................................................................................................30
Мұхтар Шаханов шығармалары ......................................................................31-33
Ол туралы баспасөз беттеріндегі жарияланымдары ...............................................34-42
Есімдердің әліпбилік көрсеткіші .......................................................................43

**Шығ. жауапты:......К. Б. Борибаева**

**Құрастырушы:.......Т. С. Қойшыбаева**

**Редакторы:...........С. Қ. Ибикенова**

**Қаріп түрі: Times New Roman.**

**Басылымның көлемі:**

**Таралымы:**

**«Арқалық қаласындағы**
**облыстық  №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.**
**Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.**
**E – mail:arkounb@mail.ru**